**Атыс қару-жарағының импортына рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1017 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Арыстан" қызметі мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - "Арыстан" қызметі) "Арыстан" қызметі мен "Конструкторское бюро приборостроения" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы) арасындағы 2003 жылғы 14 мамырда жасалған N КВР 6156120915/101 келісім-шарты бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда атыс қару-жарағының (СЭҚ ТН 930100000 коды) импортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Арыстан" қызметіне осы қаулыға қосымшада көрсетілген атыс қару-жарағының импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімге бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қазандағы N 1017 қаулысына қосымша

**ҚР ҰҚК-нің "Арыстан" қызметі мен "Конструкторское бюро приборостроения" мемлекеттік біртұтас кәсіпорны (Ресей Федерациясы) арасындағы 2003 жылғы 14 мамырда жасалған N КВР 6156120915/101 келісім-шарты бойынша берілетін атыс қару-жарағының номенклатурасы мен саны**

| Р/с N | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Бір бірлігі үшін бағасы АҚШ долларымен | Жалпы құны АҚШ долларымен |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 мм ВСК-94 мергендік винтовка | жиынтық | 12 | 1640,0 | 19680,0 |
| 2 | ПКН-03 оптикалық мергендік көздеуіш | дана | 12 | 3480,0 | 41760,0 |
| 3 | 9 мм 9А-91 шағын көлемді автомат | жиынтық | 80 | 785,0 | 62800,0 |
| 4 | 9 мм 9А-91 шағын көлемді автоматқа ПБС 9А-91.08.000 дыбыссыз атыс приборы | дана | 80 | 179,0 | 14320,0 |
| 5 | ПКС-01 оптикалық мергендік көздеуіш | дана | 80 | 220,0 | 17600,0 |
| 6 | 9А-91 9А-91.13.000 100 бұйымға топтық ЗИП жиынтығы | жиынтық | 1 | 165,0 | 165,0 |
| 7 | 9А-91.05.000 оқжатар | дана | 344 | 48,0 | 16512,0 |
| 8 | ОСВ-96 12.7 мм мергендік винтовка | жиынтық | 8 | 5200,0 | 41600,0 |
| 9 | ОСВ-96 мергендік винтовкасына арналған ПКН-05 түнгі көру көздеуіші | дана | 4 | 4850,0 | 19400,0 |
| 10 | ОСВ.05.000 оқжатар | дана | 16 | 95,0 | 1520,0 |
| 11 | 9 мм СП-5 патроны | дана | 100920,0 | 3,48 | 351201,6 |
| 12 | 9 мм СП-6 патроны | дана | 40000,0 | 3,95 | 158000,0 |
| 13 | Б-32 сауыт бұзар-тұтандырғыш оғы бар 12,7 мм патрон (индекс 57-Б3-542) | дана | 2080,0 | 3,2 | 6656,0 |

| | |
|---|---|
| Ж и ы н ы | 7 5 1 2 1 4 , 6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК